

FTAMP 14.25:09

<https://doi.org/10.55956/DHMA4610>

А.Н.Көшербаева* 

пед. ғылым. д-ры, профессор.

*«Педагогика және психология» кафедрасының меңгерушісі
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті*

Алматы қ., Қазақстан

aigera63@mail.ru

Л.А.Алпысбай 

докторант

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Алматы қ., Қазақстан

alpysbai.laila78@mail.ru

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫ КӘСІБИ ДАЯРЛАУДА САПАЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТИІМДІЛІГІ

Аңдатпа. Мақала еліміздегі жоғары оқу орындарындағы болашақ педагогтарды кәсіби даярлау жүйесіне негізделіп, тұжырымдалған. Қазіргі таңда тәуелсіз еліміз – ұлттық құндылықтар негізінде білім берудің өзіндік жүйесін құрастырып, оның озық үлгісін таратуда сапаны қамтамасыз ететін заманауи технологияларды, әдіс-тәсілдерді негізге ала отырып оның даму мүмкіндіктерін қалыптастыру. Қазақстанның Лиссабон декларациясына қол қойып және Болон процесіне қатысуы әлемдік білім беру кеңістігіндегі өзіндік орнын білдіреді. Бұл еліміздегі білім беру сапасын арттыру мен технологиялық жетістіктерді айқындайтын жаһандық талаптарға сай оқыту процесінің қарқынды дамуына ықпал етеді. Заманның талабына сай педагогика ғылымы мен білім беру жүйесіндегі озық тәжірибенің өзекті мәселелерінің бірі ХХІ ғасырдың өскелең ұрпағына тәлім-тәрбие берудің басым бағыттарын айқындау мен тиімді жолдарын ұсыну болып табылады. Болашақ педагогтарды кәсіби даярлау жүйесінде олардың сапалық дағдылары қоғамдық үдерістерге сай болуы керек. Өзгермелі заман талаптарына сай тәуелсіз еліміздің нарық экономикасына көшуіне байланысты бәсекеге қабілеттіліктің негізгі критерилері болашақ мұғалімдердің білім, білі, іскерлік дағдыларымен бірге заманауи сапаларының болуын да міндеттейді. Осы орайда мақалада болашақ педагогтарды кәсіби даярлау жүйесінде сапалық дағдыларын дамытудың өзектілігі мен ұстанымдары, ерекшеліктері мен ұтымдылығы ғылыми талдаулар негізінде тұжырымдалған.

Тірек сөздер: болашақ педагог, кәсіби даярлау, психологиялық тиімділігі, жоғары оқу орны, сапа, дағды, оқу үрдісі.

Кіріспе. Қазіргі жаһандық үдерістердің қарқын алуымен бірге, әлеуметтік-экономикалық салалармен бірге кәсіби білім беру жүйесіне зор талаптар қойылып отыр.

Себебі осыдан бірнеше жыл бұрын болашақ педагогтарды даярлау жүйесі құзыреттілік ұғымымен тікелей байланысты қарастырылса,

қазіргі кезде оның орнын бәсекеге қабілеттілік термині кең қолданыста.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері мемлекетіміздегі барлық азаматтардың өміріне арқау болған білім беру жүйесінде болашақ педагогтардың сапалы әлеуетін арттыру қажеттілігін қамтамасыз ету жоспарланған. Сондықтан, бұл мәселеле аясында біршама ауқымды жұмыстар қолға алынып, білім беру жүйесінде қарқынды өзгерулер жүргізілді.

Қазақстан Республикасының «Білім беру» Заңында, жоғары оқу орындарында сапалы, құзыреттілігі жоғары, кәсіби тұрғыдан әлеуеті қалыптасқан мамандарды даярлау негізге алынған [1]. Бұл ЖОО білім беру жүйесіндегі инновациялық өзгерістерді ендіру бағытындағы жаңарулар болып табылады.

1994 жылғы Қазақстан Республикасының азаматтарына гуманитарлық білім бер тұжырымындамасында болашақ педагогтарға заман талабы мен өзгерістеріне сәйкес кәсіби іс-әрекеттегі құзыреттіліктің болуымен қатар, еңбек іс-әрекетінде кәсібилік сапаларын қалыптастыру мәселесі осы күнге дейін өзектілігін жоғалтпады [2]. Бұл маман даярлау бағытында білім беру бағдарламаларындағы кәсіби пәндердің теориясы мен тәжірибесінің қайта жүйеленуін талап етеді.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін 1995 жылы қабылданған, жүзеге асырылған тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасында, болашақ мұғалімдерді даярлауда сапалы кадрларды қалыптастыру заман талабына жан-жақты тоқталып, нақты тапсырмалар қойылған [3]. Білім мен ғылымның қарқынды дамуында білім беру саласындағы өзгерістер жылдан жылға жаңалықтармен толықтырып отырады.

1996 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының этникалық-мәдени білім беру туралы тұжырымдамасында болашақ мұғалімдердің ғылыми дүниетанымды игерумен бірге олардың толыққанды білім алуына оқу-тәрбие үдерісінде сапалы жағдай жасау қарастырылған [4]. Ол қазіргі таңда жастардың арасында жалқаулық пен немқұрайлықты алдын алу мен жою.

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев қазіргі білім берудің сапасын арттыру мақсатында жалған диплом беретін жоғары оқу орындарына қойылатын талаптарды күшейтуді тапсырған. Ол Президенттік жастар кадрлық резервіне өткен жастармен кездесуде былай деген: «Қазіргі кезде, елдің кемел келешегі, мемлекетімізді дамытушы жастардың әлеуметтік-саяси істерге араласуы өте маңызды саналады. Әр қоғамда озық ойлы, білімді де білікті бәсекеге қабілетті, сапалы мамандарды қалыптастыру өзектілігін жойған емес. Осы тұрғыда ЖОО-да белсенді болуы қажет» [5].

Соңғы жылдары болашақ педагогтарды кәсіби даярлауда сапалық дағдыларын дамыту мәселесіне байланысты Н.Д.Хмельдің болашақ мұғалімдердің мәдениетін қалыптастыру ерекшеліктері [6], В.А.Сластениннің болашақ кәсіби мамандарды даярлау процесінде мұғалім тұлғасын қалыптастыру [7], Н.В.Кузьминаның педагогикалық іс-әрекетті зерттеу әдістері [8], Г.А.Уманованың заманауи мамандарды даярлау мәселелері [9], С.С. Құнанбаева [10], Г.Қ.Нұрғалиеваның маман даярлау саласында тұлғаның сөйлеу мәдениетін қалыптастыру [11], А.А. Калюжныйдың білім беру процесінде оқушыларға адамгершілік тәрбие беру мәселесі [12], С.Т. Каргиннің болашақ мұғалімдердің педагогикалық ойлауын қалыптастыру туралы [13] және т.б. ғылыми еңбектері мен зерттеулері жарық көрген.

ҚР Президенті Қ.Тоқаев ұлттың болашаға жастарға білім мен тәрбие беру үдерісінде педагогтарға үлкен жауапкершілік артып отыр. Ол ең бірінші педагогтардың сапалы білім алуы үшін мемлекеттік гранттардың санын арттырып, педагогтардың жалақысын көбейтіп, мектеп пен балабақшалар салуды қатаң қадағалап отыр. Президент Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің үшінші отырысында елдің келешегі жастар болғандықтан, сол жастарды оқытып, білім нәрімен сусындатып отырған мұғалімдер екенін ерекше атап, педагогикалық мамандықта оқитын студенттердің шәкіртақысын жиырма алты

мың теңгеден қызық бес мыңға дейін көтеру мәселесін үкіметке тапсырған болатын [14].

Бұл жердегі жоғары білім берудің сапасы - білім беру жүйесінің сан қырлы әдістемелерін және жоғары оқу орындарындағы бар мүмкіндікті пайдалана отырып, сапалы білім беру процесін білдіретін көпжақты ұғымды құрайды.

Сондықтан да қазіргі талаптарға сай оқу сапасын толықтай қамтамасыз ету жолында білім беру әдіс-тәсілдері зор қызмет атқарады, өйткені бұл оқу процесін тиімді жүзеге асырылуын көрсететін фактор болып отыр.

Қазіргі жоғары оқы орындарында дамыған әлемдік деңгейдегі білім беруге жасалынып отырған реформалар мен жаңартылған білім беру жүйесі, іргелі, жаңа үлгідегі оқу орындарымен байланыс орнату, тәжірибе алмасу ісінің барлығы да болашақ педагогтардың құзыреттілігін дамытуға нақты талаптар қойып отыр. Осы орайда болашақ педагогтарды кәсіби даярлауда сапалық дағдыларын дамытудағы іс - шараларды жүйелілікпен ұйымдастыру, әдістемелік және әдіснамалық ерекшеліктеріне байланысты біршама еңбектер жарыққа шықты. Жаһандану үрдісінде болашақ педагогтардың сапалық дағдыларын ерекше құндылыққа ие әрі өміршең. Ол біздің зерттеу жұмысының барысында анықталып отыр.

Зерттеу шарттары мен әдістері Болашақ педагогтардың сапалық құзыреттіліктерін маңызды әдістемелік негізі олардың осы бағыттағы білімдер жүйесі мен терең біліктерінің, дағдыларының табысты жүзеге асуынан көрініс береді. Осы процестің табысты болуын қамтамасыз ететін тәсілдер болашақ педагогтардың сапалық құзыреттілігінің жоғары деңгейде дамуына негіз болады.

Бүгінгі таңда көптеген ғалымдардың тұжырымдауынша қазіргі ғасырда оқу мен тәрбиелеу жүйесіндегі ашықтық, сыни ойлау, инновациялық жаңарулар, ақпараттық - технологиялық даму, сапалық құзыреттілік, әскерлік дағды, тұлғалалық кәсіби бірегейлік қоғамды ілгері дамытушы күш бола алады.

Сондықтан, тұлғаның сапалық тұрғыдан кемелденуі, олардың кәсіби құзыреттіліктерінің артуына мүмкіндік бере отырып, «білім өмір бойы» принципінің дамуының өзегі бола алады.

Жаңа технологиялардың қарқынды дамуы мен әлем елдерінің арасында өзара ынтымақтастықты сақтау, бәсекеге қабілеттілікті арттыру мен өзгермелі заман талабына сай толық адам қалыптастыру маңызды мәселелердің бірі. Бұл Еуропа Кеңесі тұлғаның маңызды сапаларын дамыту жүйесінде білім беру ұйымдарының даму стратегияларын негізге ала отырып алты негізгі ұстанымды ерекшелеп берген. Олар:

- ақпараттық хабардылық;
- әлеуметтік дағды;
- гуманитарлық сапа;
- көп тілді меңгеру;
- жаһандық жаңару;
- дамудағы педагогикалық құндылықтар.

Осы аталған тұжырымдарға сай, тұлғаның қалыптасуындағы педагогикалық процесс құндылықтарының өзектілігі білім беру үдерісінде психологиялық жайлылық мәселесі маңызды орында.

Қазақ даласының педагогикалық тарихында жеке тұлғаның дағдылары мен сапалық ерекшеліктерін дамыту мәселесін ең алғашқылардың бірі болып негіздеген әл-Фараби: «Парасаттылық, табандылық пен қажыр-қайрат, зор еңбекке байланысты. Ол зиялы адамның жақсы мінезінен, білім дағдысынан, адамгершілік қасиетінен туындайды - деп көрсеткен [15, 37 б.]. Бұл жеке тұлғаның ерік-жігер сапаларын қалыптастыру.

Белгілі қазақтың ұлы педагогы М.Жұмабаев өзінің «Педагогика» атты еңбегінде дене, жан, ақыл және сұлулық пен құлық тәрбиесі адамның сапалық ерекшеліктерін көрсететінін тұжырымдаған [16].

Алаш қайраткерлерінің бірі Жүсіпбек Аймауытовтың психологиялық көзқарастары адамның жан қуаты мен ой жүйесінің дамуында тұлғалық дағдылардың рөлін

ерекшелеген. Ол жас ұрпақтың өмірге деген құштарлығы мен сүйіспеншілігін, әрбір іс-әрекетінің әсемділігін, білімдік сияқты сапаларын дамытуға негіз қалайтынын жазды [17, 466.].

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі педагогика және психология ғылым салаларының тарихына көз жіберсек, болашақ педагогтарды кәсіби даярлауда сапалық дағдыларын дамытудың теориялық және практикалық мәселелеріне байланысты еңбектер әлі күнге дейін өз дәрежесінде зерттелмегендігіне көз жеткіземіз.

Зерттеу нәтижелерін талқылау.Зерттеу жұмысының барысында болашақ педагогтардың сапалық дағдыларына талдаулар жасамас бұрын оның отандық энциклопедиялар мен анықтамалардағы ерекшеліктеріне тоқтала кетейік.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде, белгілі бір заттың немесе құбылыстың басқа бір заттар мен құбылыстардан өзгеше қасиеті, ерекше айырмасы, белгісі. Әрбір заттың өзіне ғана тән сапасы болады, яғни сапаның өзгеруі сол заттың түбегейлі өзгеруіне апарып соқтырады дей келе, баланың тәртіпті, батыл, өжет және мәдениетті адам болуға ұмтылушылығы оқытушының берген тәрбиесінің сапасына байланысты екендігі тұжырымдалған [18, 2176.].

Сонымен қазіргі таңда болашақ педагогтар мен мұғалімдердің сапасының түрлеріне мына құзыреттіліктер кіреді. Олар: білімділік, құзыреттілік, жауапкершілік, зияткерлік, адалдық, ұқыптылық, әділдік, адамгершілік, кәсібилік, шығармашылық, іскерлік және тағы басқалар.

Біздің пікірімізше болашақ педагогтардың сапасы кәсіби білім беруде алған білім, білік, іскерлік дағдыларын іс - әрекетте көрсете білу шеберлігі. Сондықтан, сапалық дағдылар іс-әрекет, бағыт-бағдар, кәсіби іс-әрекетке психологиялық бейімделу барысында жүзеге асады.

Ал оқу үдісіндегі білім алушының сапалық дағдылары мұғалімдер мен тәрбиешілердің

көмегімен мақсатты жүзеге асырылатын, жеке тұлғаға әр түрлі заманауи, шығармашыл әдіс - тәсілдерді меңгертуі деп қарастырамыз.

Ғалым К.С.Успанов өзінің жеке тұлға қасиеттерін сапалы дамытуға бағдарланған еңбектерінде білім берудің психологиялық мотивациясын арттыру мақсатында тұлғалық сапаларды дамытуға кеңес берген. Олар:

- оқыту мен тәрбиелеудегі мақсаттың айқын болуы;
- білім, білік және дағдының үйлесімділігі;
- оқуға қызығушылықты арттыру мақсатындағы жаңа әдістерді қолдану;
- саннан сапаға көшу;
- танымдық белсенділікті дамыту;
- қоғамда әлеуметтену тетіктерінің бағытын көрсету;
- білім алушылардың дағдыларын шығармашылыққа бағыттау;
- білім беру мазмұнын ақпараттандыру және т.б [19, 986.].

Ғалым педагогикалық іс-әрекеттің өнімділігі ретінде төмендегі деңгейлерді көрсетеді.

1. Сапалық деңгей: оқушы тұлғасының дамуын бағалау (интеллектуалдық, адамгершілік, физикалық деңгей, даму резервтері); негізгі оқу құзыреттіліктерін меңгеру деңгейі(жалпы білім беру, коммуникативтілік, азаматтық құқық, әлеуметтік-экономикалық, отбасылық, кәсіптік және т.б.); білім алушылардың өзіндік ұйымдастыруы.

2. Сандық деңгей (дәстүрлі әдістер мен критерийлер бойынша бағалау): білім сапасы мен дайындық деңгейінің, тәрбие деңгейінің көрсеткіштері.

3. Мұғалімнің коммуникативтік және орындаушылық құзыреттілігі: педагогикалық процесті, педагогикалық қарым-қатынасты ұйымдастыру деңгейі; коммуникативті дағдылар; шеберлік [19, 866.].

Болашақ педагогтардың сапалық дағдылары өз кезегінде олардың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін, әлеуметтік белсенділіктері мен іздену,

шындалу шеберліктерін қамтитын еріктік және сезімдік процестері мен мотивтерінің бірліктері негізінде студенттердің зияткерлік, интеллектілік жеке қасиеттерін және кәсіби мәнді қабілеттерін арттыратын оқу мәліметтерінің мазмұны мен маңызды бөліктерін игеруді көздейтін мақсатқа бағытталған оқу - тәрбие жұмысы деп анықтауымызға толықтай негіз бар.

Қазақстан Республикасының білім мен ғылымды дамытудың 2020-25 жылдарыға арналған мемлекеттік бағдарламасында ЖОО білім сапасын арттыру, жек тұлғаның тұлғалық дағдыларын дамыту аясында дамыған мемлекеттердің іс-тәжірибесін, білім беру жүйесін негізге ала отырып бірнеше басымдықтарды жіітеп берді. Мәселен:

- отбасының материалдық-әлеуметтік жағдайына қарамастан ЖОО түсуге ниет білдірген талапкердің барлығы тең құқылы қолжетімді білім алуы тиіс;

- әлемдік дамыған алдердің тәжірибесін тарату мақсатында өзара ынтымақтастықты орнату;

- болашақ мамандардың кәсіби тәжірибелік біліктерін дамыту мақсатында практикамен байланысты күшейту;

- ашық бәсеке жағдайында жұмыс берішілердің кадрларды таңдау мүмкіндігін кеңейту;

- болашақ мамандардың өз жерінде кәсіби мамандануына қолжетімді жағдай тудыру;

- білім алушылардың практикасына байланысты өндірістік мекемелермен қарым-қатынасты күшейту, тиімді ресурстарды қамтамасыз ету және т.б. [20].

Жоғарыда айтылғандардан болашақ педагогтардың сапалық дағдыларын дамыту, құзыреттіліктерін арттыру мәселесінің қазіргі таңдағы өзектілігін көрсетіп отыр.

Қорытынды. Болашақ мамандардың сапалық кәсіби дағдылары тұлғалық қалыптасуында жеке және даралық қасиеттердің жиынтығы болып табылады. Олар алдына нақты мақсат пен мотивация қойып, құндылық бағдарын нақтылап арнайы кәсіби білім алу мүмкіндігіне ие болады. Осы орайда маман даярлау бағытындағы жұмыстарға қатысты жоғары оқу орындарындағы білім беру бағдарламаларында арнайы курстардыенгізу мүмкіндіктерін қарастыру, әлем елдерінің іргелі оқу орындарының тәжірибелерін меңгеру, кәсіби іс - әрекетте жүйелі түрде жүзеге асырумен бірге практикалық жұмыстарды жандандыру болашақ мамандардың сапалық дағдыларын дамытуға кең ықпал етер еді.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Алматы: Юрист, 2020. – 90 б.
2. Қазақстан Республикасының гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы //Егемен Қазақстан 1994, - 7 шілде.
3. Қазақстан Республикасында тарихи сананы қалыптастырудың тұжырымдамасы //Егемен Қазақстан 1995, - 30 қазан.
4. Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім туралы тұжырымдамасы [Электрондық ресурс]: Режим доступа: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/N960003058_1996, - 15 шілде. Қаралған күні: 04.12.2022).
5. Қазақстан Республикасы Президентініңресми сайты [Электрондық ресурс]: Кіру режимі: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416>, 2021. - 12 ақпан. Жүгінген күні: 04.12.2022.
6. Хмель, Н.Д. Особенности формирования культуры будущего учителя:учебное пособие [Текст] / Н.Д. Хмель, Т.Ш. Куанышев, А.А. Молдажанова. – Алматы, 1996. – 185с.
7. Слостенин, В.А. Формирование личности учителя советской школы в процессе профессиональной подготовки [Текст] / В.А. Слостенин. – М.: Просвещение, 1976.– 160 с.
8. Кузьмина, Н.В. Методы исследования педагогической деятельности [Текст] / Н.В. Кузьмина. –Л.: Изд. – Ленингр. ун–та, 1970. – 35 с.

9. Уманов, Г.А. и др. Учителю – современную подготовку [Текст] / Г.А. Уманов // Основные направления научных исследований. – Алма – Ата, 1978. – 100 с.
10. Кунанбаева, С.С. Методика обучения лексико – грамматическому оформлению высказывания в языковом вузе: дис...канд. пед. наук. – Алма – Ата, 1979. – 185 с.
11. Нурғалиева, Г.К. Ценностное ориентации личности: Методология, теория, практика формирования [Текст] / Г.К. Нурғалиева. – Алматы: АГУ им. Абая, 1994. – 44с.
12. Калюжный, А.А. Теория и практика профессиональной подготовки учителя к нравственному воспитанию учащихся в целостном педагогическом процессе: дис...докт. пед. наук. – Алматы, 1994. – 328 с.
13. Каргин, С.Т. Влияние профессионально – педагогической направленности обучения на формирование педагогического мышления будущих учителей: дис. ..канд. пед. наук. – Алма – Ата, 1988. – 150 с.
14. Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің төртінші отырысына қатысты [Электрондық ресурс] Кіру режимі: https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/meetings_and_sittings/kasym-zhomart-tokaev-ulityk-kogamdyk-senim-kenesinin-tortinshi-otyrysyna-katysty 2020. - 22 қазан. Жүгінген күні: 04.12.2022.
15. Әл - Фараби. Әлеуметтік – этникалық трактаттар [Мәтін] / Әл - Фараби. – Алматы. 1995. – 419 б.
16. Жұмабаев, М. Шығармалар 3 – томдық. Т.1. [Мәтін] / М.Жұмабаев, – Алматы, 1995. – 256 б
17. Аумауытов, Ж. Шығармалар [Мәтін] / Ж.Аймауытов. – Алматы: Жазушы, 1994. – 296 б.
18. Қалиев, Б. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі [Мәтін] / Б. Қалиев. - Алматы, 2014. - 728 б.
19. Успанов, К.С. Теория и практика формирования профессионально значимых качеств у будущих учителей [Текст] / К.С. Успанов. – Алматы: Ғылым, 1998. – 228 с.
20. Қазақстан Республикасында білім беру мен ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы [Электрондық ресурс] Кіру режимі:<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988> Жүгінген күні: 04.12.2022.

Материал 19.02.24 редакцияға түсті.

А.К.Көшербаева*, А.Алпысбай

Казахский национальный педагогический университет им.Абая Алматы, Казахстан

ПСИХОЛОГИЧЕСКАЯ ЭФФЕКТИВНОСТЬ РАЗВИТИЯ КАЧЕСТВЕННЫХ НАВЫКОВ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ

Аннотация. Статья основана на системе профессиональной подготовки будущих педагогов в высших учебных заведениях страны. Сегодня независимая страна-страна определяет возможности будущего развития с учетом современных процессов, технологий, обеспечивающих собственную систему, модель и качество национального образования. Казахстан как суверенное государство, подписание лиссабонской декларации и участие в Болонском процессе и др. отражают свое место в мировом образовательном пространстве. Это обстоятельство способствует интенсивному развитию системы высшего образования с учетом социокультурных интересов нашего государства и глобальных процессов образования, определяющих качество и технологические достижения в высшем образовании. Очевидно, что одной из актуальных проблем педагогической науки и передового опыта является определение приоритетных направлений совершенствования воспитания и образования вольного поколения, перешагнувшего порог XXI века. В системе профессиональной подготовки будущих педагогов их качественные навыки должны соответствовать общественным процессам. В связи с переходом независимой страны в рыночную экономику в соответствии с меняющимися требованиями времени, основные критерии конкурентоспособности обязывают будущих учителей

165

иметь современные качества наряду с знаниями, умениями, деловыми навыками. В этой связи в статье сформулированы актуальность и позиции, особенности и рациональность развития качественных навыков в системе профессиональной подготовки будущих педагогов на основе научного анализа.

Ключевые слова: будущий педагог, профессиональная подготовка, психологическая эффективность, высшее учебное заведение, качество, навыки, учебный процесс.

A N. Kosherbayeva*, L.A. Alpysbay

Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

PSYCHOLOGICAL EFFECTIVENESS OF THE DEVELOPMENT OF QUALITATIVE SKILLS OF PROFESSIONAL TRAINING OF FUTURE TEACHERS

Abstract. The article is based on the system of professional training of future teachers in higher educational institutions of the country.

Today, an independent country is a country that determines the possibilities of future development, taking into account modern processes, technologies that provide its own system, model and quality of national education. Kazakhstan as a sovereign state, the signing of the Lisbon Declaration and participation in the Bologna process, etc. reflect its place in the global educational space. This circumstance contributes to the intensive development of the higher education system, taking into account the socio-cultural interests of our state and global educational processes that determine the quality and technological achievements in higher education.

It is obvious that one of the urgent problems of pedagogical science and best practices is to identify priority areas for improving the upbringing and education of the free generation that has crossed the threshold of the XXI century. In the system of professional training of future teachers, their qualitative skills should correspond to social processes. Due to the transition of an independent country to a market economy in accordance with the changing requirements of the time, the main criteria of competitiveness oblige future teachers to have modern qualities along with knowledge, knowledge, business skills. In this regard, the article formulates the relevance and positions, features and rationality of the development of qualitative skills in the system of professional training of future teachers based on scientific analysis.

Key words: future teacher, professional training, psychological effectiveness, higher education institution, quality, skills, educational process.

References

1. The law of the Republic of Kazakhstan "on education". - Almaty: jurist, 2020. – 90 p.
2. The concept of humanitarian education of the Republic of Kazakhstan //sovereign Kazakhstan 1994, July 7.
3. Concept of formation of historical consciousness in the Republic of Kazakhstan //sovereign Kazakhstan 1995, October 30.
4. Concept of ethnic and cultural education in the Republic of Kazakhstan [electronic resource]: access mode: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/N960003058_1996, - July 15. Review date: 04.12.2022).
5. Official Website of the president of the Republic of Kazakhstan [electronic resource]: access mode: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416>, 2021. - February 12. Date of application: 04.12.2022.

6. Khmel, N. D. Personality of the formation of the culture of the future teacher: a teaching post [text] / Khmel N. D., Kuanyshev T. Sh., Moldazhanova A. A. - Almaty, 1996 -- 185С.
7. Slastenin, V. A. Formation of the personality of the teacher of the Soviet school in the process of professional training [text] / V. A. Slastenin. - M.: Prosveshchenie, 1976. - 160 P.
8. Kuzmina, N. V. Method of studying pedagogical activity [text] / N. V. Kuzmina. L.: Izd. - Leningrad. in UN, 1970. - 35 p.
9. Umanov, G. A. I. Dr. Teacher-modern training [text] / G. A. Umanov // main directions of scientific research. – Alma-Ata, 1978 -- 100 p.
10. Kunanbayeva, S. S. Method of training lexical and grammatical forms of expression in the language language: dis...Kand. PED. Nauk. – Alma-Ata, 1979. -185 P.
11. Nurgalieva, G. K. Central orientation of personality: methodology, theory, practice of formation [text] / G. K. Nurgalieva. - Almaty: AGU im. Abaya, 1994. – 44С.
12. Kalyuzhny, A. A. Theory and practice of professional training teacher to the national approach to studying in a specific pedagogical process: dis...doct. PED. Nauk. - Almaty, 1994 -- 328 P.
13. Kargin, S. T. On The Professional and pedagogical orientation of training in the formation of pedagogical skills of future teachers: dis. ...Kand. PED. Nauk. – Alma-Ata, 1988 -- 150 P.
14. Kassym-Jomart Tokayev took part in the fourth meeting of the National Council of public trust [electronic resource] access mode: https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/meetings_and_sittings/kasym-zhomart-tokaev-ulttyk-kogamdyk-senim-kenesinin-tortinshi-otyrysyna-katysty 2020. - October 22. Date of application: 04.12.2022.
15. Al-Farabi. Socio-ethnic treatises [text] / Al - Farabi. - Almaty. 1995. - 419 P.
16. Zhumabayev, M. Works in 3 volumes. Vol. 1. [text] / M. Zhumabayev, - Almaty, 1995 -- 256 P
17. Aumaulytov, Zh. Works [Text] / Zh. Aimaulytov. - Almaty: writer, 1994. - 296 P.
18. Kaliyev, B. Explanatory Dictionary of the Kazakh language [text] / B. Kaliyev. - Almaty, 2014. - 728 P.
19. Uspanov, K. S. Theory and practice of forming professionally known qualities in future teachers [text] / Uspanov K. S. - Almaty: Science, 1998 -- 228 P.
20. State program for the development of education and science in the Republic of Kazakhstan for 2020-2025 [electronic resource] access mode: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988> date of application: 04.12.2022.

Мақалаға сілтеме: *Көшербаева, А.Н. Болашақ педагогтарды кәсіби даярлауда сапалық дағдыларын дамытудың психологиялық тиімділігі [Мәтін] / А.Н.Көшербаева, Л.А. Алпысбай, // Dulary University Хабаршысы. – 2024. - №2. – Б. 160-167 <https://doi.org/10.55956/DHMA4610>*